| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Қолды жазуға дайындау.<br>Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережесімен таныстыру.<br>Тақырыбы:Дауыссыз дыбыстарды жасалуы.<br>Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше»<br>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны<br>–Мен сендергесөз айтамын да, сурет көрсетемін, сендер сол суреттегі заттың атын айтып мен айтқан сөзгежалғайсың дар. Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ) т.б.*<br>«Қайтала»(доппен) дидактикалық ойыны<br>Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *тттиін(т), қққасқыр(қ), бббақа(б), вввагон(в), гғарыш(ғ),* | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау.Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>Тақырыбы:Біз нені үйрендік?«Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны .<br>Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын суреттегі сөзді қосуларың керек.Мысалы: *қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс)т.б.*<br>«Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы<br>«Дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы<br>–Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, сендер дауысты дыбыстанбасталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар. Мысалы: *алма, гүл, ұлу, жүзім, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс т.б.*Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттердегі заттар ды ата. Әр сөздің бірінші дыбысын ата.Сөз дауысты | **1.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Өлеңді жатқа, мәнерлеп,интонациямен айту.Көркем шығарманы рөлдерге бөліп,сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін,бейне нің қимылын,интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау<br>Тақырыбы:Жемістер жыры<br>Жемістің қандай түрлерін білесіңдер?Жемістер қайда өседі?Алманың, өріктің дәмі қандай?Сен қай жеміс түрінің дәмін білесің?Бүгін ақын Рза Қунақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз.Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>*Дидактикалық ойын: «Дәмін тат»* (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала қандай жемістің дәмі екенін айтады.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Суретте не бейнеленген?<br>Үйдің ауласында қандайжемістер өсіп тұр?<br>Сен қандай жеміс түрлерін | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Алуан түрлі зат тарды сипаттауға,қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>Тақырыбы:Күзгі жапырақтар<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер?Күзмезгі лінде неше ай бар?<br>Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл,Түссе – сары. *(Жапырақ)*Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жатады. Байқап қарасаңдар, жапырақтың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр,жасыл дары да болады. Тура бір даланы түрлі түске бояп тастаған тәрізді.Ақын Қуандық Шаңғытбаев табиғат тақырыбына көптеген өлең жазған. Сол өлеңдерінің бірі – «Күзгі жапырақтар».<br>Өлең шумағын зейін салып тыңдасаңдар, күзгі бақтың қандай керемет екенінсезіне сіңдер. *Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?»*<br>Шарты: әрбір жапырақты өзі өсетін ағашына апарып ілу. | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау.<br>Тақырыбы:Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>Дыбыстармен жұмыс.<br>«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны<br>Тәрбиеші дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтерукерек.<br>1-тапсырма. *«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалықжаттығуы.*<br>2-тапсырма. «Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны.Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы: *анаарман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік т.б.*).3-тапсырма.<br>«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала өткен «Меніңойыншық тарым» тақырыбы бойынша сөз айтады.Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар<br>Сәуле мен Арман келеді.<br>Сәуленің қолындаойыншық ақ аю.Бұл – ақ аю, менің сүйікті ойыншығым. Аю әдемі, жұмсақ.Балалар өздерінің сүйікті ойыншық тарын атап, қысқаша сипат тайды (түсі,көлемі, неден жасалғаны).Ойын «Кім жылдам?» Ойын барысы: тәрбиеші екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек.*Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.*Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Шағын мәтін құра.Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір. «Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Ойыншықтар.Ойын: «Дұрыс ата»Ойын барысы: ойын шықтарды атайды, қаламмен тексереді.М.Әлімбаев: Ойыншықтар өлеңін оқу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Міндеттері: Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау,олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>Тақырыбы:Заттар әлеміне | ойыны.Үндемес ойыны ойналады.Тәрбиеші : «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды.Міне, бала лар, қимылмен шамалап келтіргенмен, толық еңбек қозғалысын ашып жеткізе алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.Жемістер мен көгөністерді ата. Тек жемістерді боя.Көгөністерді ұқсас пішіндермен сызып қос.Көгөністерді ата, буынға бөл, неше буын бар?<br><br>**Математика негіздері**<br>Міндеттері:Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>Тақырыбы:4 саны мен цифры<br>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым сиқырлы паровозбен саяхаттау.Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Тәрбиеші паровоз және үш вагонды көрсетіп қояды. Оған төртінші вагонды жақындатады.<br>– Паровозда қанша вагон бар? (Үш). Оған тағы біреуін жалғайық! Вагондар саны қанша болды? (Балалар дауыстап санайды: бір, екі, үш, төрт.)4 цифрымен танысу.<br>4 цифрын 4 санының таңбасыретінде белгілейміз. Цифрды көрсету.4 цифры туралы өлең шумақтарын оқиды.*Ұқсастығын табады* | жаттығуларын орындайды Негізгі қимыл-қозғалыстары:Төзімділікке жаттықтыру (4 рет)Алақан мен тізеге таянып, гимнасти калық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Қауіп сіздік техникасын сақтау.<br>Дәлдікке жаттықтыру. (4 рет)Екпінмен жүгіріп келіп, 20 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету;<br>Зейіндерін жаттықтыру. (5 рет)Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланыс ты төрт командаға бөлінеді Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша осы кезде капитан дар орындарын ауыстырады. Белгі бойынша өз капитан дарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Балаларды шешендік өнерге,айтыс өнеріне баулу<br>Тақырыбы:Алтын күз<br>Өткен «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыпты қайталау. Ойын: «Кім тапқыр». Тәрбиешінің *айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету*<br>Топтағы ойыншықтарды атап, сипаттау. Балалар әр | дейінгі цифр бейнелерін шығарады. «Қанша?» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші әр суретте 1-ден 5 адамға дейін балалар бейнесі салынған карточкаларды дайындайды. Мысалы, екі баланың бейнесі бар карточ каны алып сұрайды: «Оларға қанша қалпақ керек?» (арқақоржын, футболкалар және т.б.) Балалар жауап береді және 2 цифры бар карточканы көрсетеді.<br>3-тапсырма.Сөредегі заттарды сана. Сонша торкөзді боя.<br><br>**Музыка**<br>Міндеттері:Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша кіріспе,қорытынды,музыка лық фразалар әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Тақырыбы:Біздің аспаптар<br>Ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар* «Марш» (В.Дешевов). Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру.Марш екпіні мен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.*1-2 такт.* Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.<br>*3-18 такт.* Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру.Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау. | арқылы бір-бірімізге жылы тілегімізді айтайық. Бұл ойын «Қоңырау» деп аталады. Бүгінгі күніміз сәтті болсын! Мысық қалай дыбыстайды?Ол нені жақсы көреді?Бүгін мысықтың басынан өткен оқиға туралы«Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халқының ертегісімен танысамыз. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегі ойдан, қиялдан құрастырылады.Балалар,су реттен нені көріп тұрсың дар? Ертегідегімысық пен Мақтақыздың әрекеті туралы сурет. Ертегінің мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:* Ертегі не туралы? Мақтақыз не тауып алды? Мақтақыз мысықты не үшін жазалады?Мысық қатық алу үшін қайда барды? Жапырақ қайда өседі? Мысық дәнді қайдан алды?<br>*«Суреттер сөйлейді» әдісі* Суреттерді пайдаланып, ертегі жүйесін сақтап баяндау.Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Суреттер бойынша ертегі нің жүйесін сақтап баянда. Мақтақыз неге ашуланды? Мысық не істеді?Жұбың мен кейіпкерлердің диалогін құр.<br>Жұмбақты шеш.<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саяхат.Біз қазір заттардың шығу тарихын білу үшін Қырағымен бірге әлем музейлеріне саяхаттаймыз. Тақтадан сіріңкенің суреттері шығады. Сіріңке – шамамен екі ғасыр бұрын ойлап табылған зат, олтұтандырғышты ауыстырды.1826 жылы британдық дәріханашы Джон Уокер алғашқы үйкеліспен тұтанатын сіріңкелерді ойлап тапты. Сіріңке болмаса, отты қалай тұтандырамыз? Тақтадан қаламның суреттері шығады. Жазатын қаламдардың көне тарихы бар. Қытайда қолданылған қылқалам алғашқы қалам деуге болады. Қалам болмаса жазуды қалай жазамыз? Тақтадан «Велосипед» суреттері шығады. Бүгінгі замандағы велосипедтің түп бейнесі бүгінгі үлгілерге ұқсамайтын, оның тепкілері болмады, адамдар оны аяқтарымен итеріп орнынан қозғалтты, кейін тепкілер ойлап табылды, резеңке үрме дөңгелектер пайда болған кезде, велосипед айдау жеңілденді. Сағаттың суреттері шығады. Сағаттың қажеттілігін атаңдар. Сағат болмағанда не болар еді? Бұрынғы кезде сағат болмағанда адамдар құмсағатты, күн сағатын, су сағатын ойлап тапқан. Су сағатын ежелгі мысырлықтаройлап тапқан. Су сағаты екі ыдыстан тұрады, бір ыдыстың түбінен тесік жасалып, оның ішіндегі | *Зер салғандар мынаған:* *Тура «Төрт» боп қалады.* *Орындықтар құлаған.* Елубай Отарұлы Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Қанша бала және қанша қонжық екенін сана. Ұяшыққа сонша нүкте сал. Суретте не бейнеленген? Сана, қанша бала бар? Қанша ойыншық қонжықбар? 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Ауада 4 цифрын«жаз»: бірінші қысқа таяқшаны жоғарыдан төменге қарай жүргіз, тоқта, оңға бұр. Қолыңды көтер. Ұзын таяқшаны жоғарыдан төменге қарай сызып жүргіз. Математикалық домино» дидактикалық ойыны. Балалар заттар санын цифрмен сәйкестендіреді.<br><br>**Музыка**<br>Міндеттері:Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша кіріспе,қорытынды,музыкалық фразалар әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Тақырыбы:Біздің аспаптар. Ән айту. Ән айтудадауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар.Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте | дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Тәрбиеші шағын мәтін құрайды. *Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша.* Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ Мынау не? Мынау – жапырақ. Жапырақ сары. Жапырақ қандай? Жапырақ сары .Алтын күз .Қандай күз? Алтын күз .Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү- ү-үз-үз – келді күз. Ү-ү-ү-үй - қыр-гү -йек – қыргүйек. Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша Жаңылтпашпен танысу. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.Балалар сөйлем құрайды. *Суретте күз бейнеленген. Күзде жаңбыр жауады. Жапырақтар* | *Музыка тыңдау:* «Балбырауын» (Құрманғазы). Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығутарихын айтып беру.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. *Ән айту:* «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу. Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару.Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. Жеке және хормен айту.*Билер:* «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені). *Музыкалық аспапта ойнау:* «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеттері: Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау Тақырыбы:Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер «Менің отбасым» ойыны Балалар, әр отбасының айырмашылығын мен ұқсастығын атаңдар. Барлық отбасында ең жақын туыстар тұрады. Барлық отбасы үй-жайлар да тұрады. Барлық отбасы мүшелерінің тегі, аты-жөні | Құрастыру:өз бетінше ойдан құрастыруға,құрдастарымен бірлесіп,шығармашылық пен құрастыруға баулу. Сурет салу:сурет салу олардың бір-біріне арақатысын беру. Мүсіндеу: Мүсіндеуде оларды орналастыру, пропорцияны сақтау, бөліктерді біріктіру Жапсыру: заттық жапсыру:текшеден дөңгелек пішін,тіктөртбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға,бұл тәсілді жемістерді, көкөністерді,гүлдерді,оюлар ды қиюда қолдану. Күзгі жапырақтар. Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Күз мезгілінің ерекшелігі мен ағашжапырақтарының түрін әңгімелеу. Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? Күзді неге «жомарт күз», «алтын күз» деп атаймыз? Балалардың назарын үлестірмелі материалдардағы сюжетті суретке аудару. Жұптық жұмыс барысында емен және тал ағаштарын күзгі жапырақтармен әсемдейміз. Тәрбиеші бүктеп қию әдісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | су екінші ыдысқа біртіндеп ағады, жоғарғы ыдыстағы су деңгейі қай белгіге дейін азайғанына қарап, уақытты есептеген. Біз қазір тәжірибе жасаймыз, уақытты есептеу үшін су сағатын жасаймыз, ол үшін бізге екі ыдыс керек (алдын ала дайындалған пластик ыдыс – майонездің бос екі ыдысы, біреуі түбі тесілген, олардың іші фломастермен сызылып, белгіленген).Балаларға су құйып, ыдыстардың ішіндегі су ағып, екінші ыдысқа құйылатынын өздері жасап, бақылау ұсынылады.<br>Үлестірмеліматериалдармен жұмыс.Балалар, Қырағы заттардың накты не мақсатқа арналып жасалғанын анықта ды. Сендер де айналадағы заттарды бақылап, анықтауға тырысыңдар.Қырағымен заттар әлемінесаяхат жаса. Ағаштан жасалатын заттардың суреттерін сызықпен қос.Әр затқа ортақ қасиеттерді тап. Неден жасал ғанына қарай топтарға біріктіріп қорша.<br>**Дене шынықтыру**<br>Міндеттері: Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру<br>Тақырыбы:Ұлттық ойындар<br>Санамақтар айтқызады. Бір, екі, үш – ойынды баста! (1-2-3 – ойынды баста!)Шеңберге тұрады.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».Шашырап жүреді, жүгіреді, тәрбиешінің бұйрығымен жерденасықтар | отырып, жаттығуларды орындауға үйрету.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*«Марш» (В.Дешевов). Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдылан дыру.Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.*1-2 такт.* Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.*3-18 такт.* Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру.Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау.*Музыка тыңдау:* «Балбырауын»(Құрманғазы)<br>Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айтып беру.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.*Ән айту:*<br>«Балдырғандар әні» (Г.Жотаева).Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу. Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару.Таныс<br>«Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру.<br>Жеке және хормен айту.<br>*Билер:* «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>*Музыкалық аспапта ойнау:* | *сарғаяды. Құстар ұшып кетеді.*Жаттап ал. Ойын: «Қолшатыр».«Жаңбыр» деген сөзден кейін, балалар алақанын төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанның ішіне тигізіп тұрады. Тәрбиеші үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап калса, сол бала ойыннан шығады.<br><br>**Математика негіздері**<br>Міндеттері: Заттарды саны олардың көлеміне,арасын дағы қашықтыққа,пішінге, орналасуына,сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Тақырыбы:5 саны мен цифры.Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым.Үлестір мелі материалдармен жұмыс . Паровозда қанша вагон бар? Оған тағы біреуін жалға! Вагондар саны қанша болды? 1- тапсырма<br>Вагондар саны -5. Цифрмен танысу. 5 цифрын 5санының таңбасыретінде белгілейміз. Цифрды көрсету.5 цифр туралы өлең шумақтарын оқу.<br>*Бас бармағым – әкем,*<br>*Балаң үйрек – шешем,*<br>*Ортақ тірек – ағам,*<br>*Шылдыр шүмек апам,*<br>*Кішкентай бөбек – мен.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Бір үйде біз бесеуміз.*<br>Дәптермен жұмыс. | бар.Барлық отбасы мүшелері бір-біріне қамқор болады.Әротбасы мүшелерінің саны әртүрлі болады. Әр отбасының өз тегі, аты-жөні болады. Барлық отбасы ұлтына, салт-дәстүрлері, тұрып жатқан еліне қарай бөлінеді. Әр отбасының өзіндік дәстүрі бар.<br>«Отбасылық дәстүрлер, отбасылық мерекелер» дегенді қалайтүсінесіңдер? Отбасы мүшелері бірігіп орындайтын шаруашылық жұмыстар, отбасылық демалыстар, отбасылық мерекелер «отбасылық дәстүрлер» деп аталады. Оларды бүкіл отбасы аналарымен, әкелерімен, әпкелерімен, ата-әжелері мен бірге тойлайтын дықтан, оларды әдетте отбасылық дәстүрлер деп атайды. Отбасылық дәстүрлер – отбасында қабылданған, отбасында сақталатын мінез-құлық ережелері. Мысалы, отбасында қонақты қарсы алу дәстүрі бар.<br>«Ассоцияция» «Үй иесі» ойыны (Ойын екі топқа бөлініп ойналады. Ұлдар және қыздар. Қыздар дастарқан жасайды, ұлдар құрастырмадан үй құрастырады). Үлестірмелі материалдармен жұмыс. | көрсетеді. Қиып алған жапы рақтарын үлгіге желім мен жапсыру.Балалар дың шығармашылығы<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеттері:Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру.<br>Тақырыбы:Менің сүйікті жануарларым.<br><br>«Ерекше жануар» тренингі.Бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап, шеңберге тұрайық.Әрқай сысың өздеріңді бір ерекше жануармын деп ойландар. Дем алу, дем шығару жаттығуларын орындаймыз.Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адым алға, түк – бір адым артқа. «Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады).Тізбекте бір-бірден тұрып,андар дың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Ойын-жаттығуы: «Көңілді қонжықтар»Алақан мен тізеге таянып,гимнастика лық орындық үстінде еңбектеу. Аю, қонжық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ды алады.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. (5 рет)«Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр). Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. «Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.<br>«Ырғып секіру» (татар халқының ойыны) (5 рет)<br>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бираяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.«Тастар» (орыс халқының ойыны)«Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру.Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандары мен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады.Қимылы аз ойын: «Үндемес» ойыны (Тәжік халқының ойыны) (4 рет).Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында | «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | 1-тапсырма.Суретке қара. Мына отбасында неше адам барын сана. Қанша мысық бар? Сонша нүкте сал.<br>2-тапсырма.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Ойын жаттығуы. «Жолмен жүреміз»,үлестірмелі материалдармен.<br>«Математикалық домино» дидактикалық ойыны.<br>3-тапсырма.4 және 5 цифрын тауып, қоршап сыз. Оларды боя «Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны. Бес балаға бірден беске дейінгі цифр таңдалып беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әрцифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса,сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифр ды береді.Киім дүкені ойыны. | | туралы жұмбақтардың шешуін табады. Қол мен аяқтарын үйлестіріп қоз ғайды. Ойын-жаттығуы: «Тұлпар» Әртүрлі бағыт және қарқынмен жүгіру. (музыка әуенімен)Бірінші сапта тұрған балалар тізелерін сәл бүгіпсекіреді, ал екінші саптағылар шапалақ ұрады.«Ор қоян» Бір орнында тұрып айна лып секіру. Ырғақпен секіреді, шапалақтың дауысын мұқият тыңдап, бір мезетте ұруға тыры сады.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар»Шарты: қарама -қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады.«Қасқыр» зал ортасына орналасады. «Хайуанаттар бағы» жаттығуы.Мақсаты: психологиялық жайсыздық тудыратын мінез құлықта рын тәрбиелеу.Балаларға хайуанаттар бағындағы бір жануарды таңдап, сол жануардың қимылын салуға тапсырма беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінің екінші жағында тұрған балаға көрсетеді. Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. | | | | |
| Серуендеуге дайындық | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер.<br>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды жүйелі түрде кию (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау<br>Мақсаты: байқағыштықты, зейінді дамыту; балалардың жансыз табиғаттың күзгі құбылыстары, киімнің ауа-райына тәуелділігі туралы білімдерін бекіту; белсенді сөздікті дамыту.<br>Еңбек қызметі: учаскедегі қоқысты жинау.<br>«Түсі бойынша тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау қабілеттерін бекіту.<br>«Кегльді қағып түс» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: дәлдікті дамыту екі аяғы, ептілігі, жылдамдығы, төзімділігі. | Ересектердің табиғаттағы еңбегін бақылау<br>Мақсаты: аула сыпырушының еңбегі туралы түсініктерді кеңейту.<br>Ол жолдарды не үшін сыпырады?<br>Ағаштарды не үшін қазып жатыр?<br>Өсімдіктердің қажеттіліктері туралы түсінік беріңіз.<br>Өсімдіктерге күтім жасау үшін адамның еңбегі мен олардың жағдайы арасында байланыс орнатуға үйрету.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады»<br>Мақсаты: жыл мезгілдерін бекіту.<br>«Жер неге құрғақ?» тәжірибесі | Температураның төмендеуін бақылау<br>Мақсаты: термометрмен таныстыруды жалғастыру.<br>Ауа температурасы мен жауын-шашынның табиғаты арасында байланыс орнатуға үйрету.<br>Еңбек қызметі: веранданы сыпыру.<br>«Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлауды, шығармашылық қиялды дамыту.<br>«Өз орныңды ал» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: балаларды аланда әр түрлі бағытта | Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: бұлтты күн мен бұлтты күндерде түстермен салыстырыңыз.<br>Тыныш, шуақты күнде бұлттар баяу, ал желді күнде тез жүзеді.<br>Балаларға бұлт қандай болатынын, бұлт қандай болуы мүмкін екенін елестетуді ұсыныңыз.<br>Және бұл не?<br>«Бұлтты сипаттаңыз, оның не екенін ойлаңыз» ауызша ойыны<br>«Бұлтты өзіміз жасаймыз» тәжірибесі<br>Қызған кезде су буға айналатынын көрсету, бұлт пайда болады: ыстық суды тар мойыны бар ыдысқа құйып, будың одан қалай шығып, бұлтқа көтерілгенін бақылау. | Күн ішінде күннің күйін бақылау<br>Мақсаты: таңертең, түстен кейін, кешке күн өтетін жол туралы түсініктерді кеңейту.<br>Күннің соңында қорытынды жасаңыз: күн белгілі бір жол жасайды және Күнді уақыт кезеңдеріне бөледі.<br>Күн сәулесінің қасиетін зерттеу.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қашан болады?»<br>Мақсаты: күннің жағдайын ескере отырып, балалардың күннің бөліктері туралы түсініктерін бекіту.<br>Күн сәулесінің қасиеттерін зерттеу<br>Күн сәулесі кептіреді: ауланың күн және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойындар | Жер бетінде пайда болған қыртысты, күн сәулесінің астындағы гүлзарды қарау. Жер құрғақ. Өсімдіктер су ішуі үшін қыртысты босатып, гүлзарды суару керек<br>Гүл бақшасындағы бірлескен жұмысқа қатысу: өсімдіктерді суару. Суармас бұрын және одан кейін өсімдіктердің жағдайын салыстырыңыз.<br>«Мысық пен құстар» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: ептілік, ұқыптылық.<br>«Ақ сүйек» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: ойын ережелерін сақтау.<br>«Қара сия, ақ қауырсын» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: зейінді, командалық рухты дамыту.Доппен ойын. «Лақтыр, ұста» және т. б. | жүгіруге үйрету.<br>Еркін ойындар | Учаскені жинау бойынша еңбек<br>Мақсаты: бірлескен еңбекке қатысуды ынталандыру<br>«Қане, Маша және Соня, қолдарыңды жақсылап жуыңдар» ойын жаттығуы<br>Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>«Көңілді Ақжелкен» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: жүргізушіден кейінгі қимылдарды қайталай білу.<br>Еркін ойындар | көлеңке жағына қуыршақ ақжаймасын іліп қою, оның қай жақта тез кебетінін бақылау.<br>Еңбек: гүлзардағы гүлді өсімдіктерді суғару<br>Мақсаты: бірлескен еңбекке қатысуды ынталандыру.<br>«Ең епті» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету; ептілікті дамыту.<br>«Әр қадамға сөз» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: қимылдарды үйлестіру, сөйлеуді дамыту, бағдарлау.<br>Еркін ойындар |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңді қайыру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырыққа қысу. «Күн режимі» суреттерін қарау. Олар бойынша әңгіме. Өзіндік ойын қызметі | | | | |
| Балалардың | «Көкөніс дүкені» | «Қала бойынша саяхат» | «Асхана» сюжеттік- | «Отбасы» сюжеттік- | «Кафеде» сюжеттік- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ды қалдық материалдан жасайды) | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | «Денсаулық сақтау технологиялары және оларды үйде қолдану мүмкіндігі» педагогикалық кеңесі<br>«5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы | | | | |

# ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы атауы : Теректі мектеп-балабақшасы**

Мектепалды сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 16.09–20.09.2024-2025ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>16.09 | Сейсенбі<br>17.09 | Сәрсенбі<br>18.09 | Бейсенбі<br>19.09 | Жұма<br>20.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында 1. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы**<br>«Таң басталады» ситуациялық ойыны. Доп арқылы сәлемдесу. Бала сәлемдескісі келетін адамға допты лақтырып, оны атымен атайды. Допты ұстаған адам да онымен амандасады<br>Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу.<br>**ҚР Әнұранын тыңдау .Күй күмбірін тыңдау.**<br>Психогимнастика: «Барлық бала шеңберге жиналды». Мақсаты: бір-біріне достық қарым-қатынасты дамыту<br>«ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ҚАУІПСІЗДІК) ЕРЕЖЕЛЕРІ»<br>https://youtu.be/UMVKB4sqULE?si=eXG4pVrj6lVX9uBhhttps://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіру | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел ойындары, бейнелеу өнері, кітап қарастыру және т. б.) | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Асық ату» ойыны<br>Рөлдік ойын «Осылай болады ма, жоқ па?»<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, шешімдердегі дәйектілікті байқай білу.<br>«Гүл жина» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: тұтас бөліктерді бүктеуге жаттығу, визуалды бейнені бекіту | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Шекемтас» ойыны<br>Дидактикалық ойын «Ұқсас – ұқсас емес».<br>Мақсаты: балаларды пәндерді салыстыруға үйрету, қоршаған ортада екі пәнді табу, олардың ұқсастығын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дәлелдей білу | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Бес тас» ойыны<br>Дидактикалық ойын «Өзінді ата»<br>Мақсаты: өзіңді қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде таныстыру.<br>Ағылшын әнін тыңдау және ән айту (Тедди аюы туралы) | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Ақсерек пен көксерек» ойыны<br>Дидактикалық ойын «Кім келеді, сол алсын!»<br>Мақсаты: балаларды тақырып туралы айтуға үйрету, оның ең тән белгілерін үш тілде бөліп көрсету | Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>«Өнегелі 15минут»<br>Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді жаттау<br>«Ас атасы – нан»<br>«Нан болса ән де болады» сюжеттік-рөлдік ойын<br>«Қосымша сөзді тап»<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, есту анализаторын, бірқатар сөздерден артықты алып тастау қабілетін дамыту |
| Таңертеңгілік жаттығу | Таңертеңгілік жаттығулар кешені | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Достық сөздер» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: сәлемдесу сөздерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бекіту.<br>Қазақ әуендерін тыңдау.<br>Мақсаты: әуенді қазақ халық биінің элементтерімен сүйемелдеуге ынталандыру | Дидактикалық ойын «Бұл қашан болады?»<br>Мақсаты: балалардың белгілі бір құбылыс пен адам еңбегінің түрін жыл мезгілімен қаншалықты байланыстыратынын тексеру.<br>Саусақ ойыны «Міне, менің | Артикуляциялық гимнастика: «Тіл туралы ертегі»<br>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: табиғат құбылыстарын әр түрлі тұрғыдан бағалауға үйрету | Дидактикалық ойын «Бұл затпен не істейді?»<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, еркіті есте сақтауды дамыту.<br>«Кемпірқосақ» саусақ гимнастикасы<br>Мақсаты: қол мен сөйлеудің ұсақ моторикасын дамыту | «Пошташы ашықхат әкелді» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балаларға қазіргі уақытта етістік формаларын қалыптастыруға үйрету (сурет салу, билеу, жүгіру, секіру, серуендеу, суару, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: саусақтың ұсақ моторикасын, сөйлеуді дамыту | | | барабан соғу және т. б.) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:<br>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>Тақырыбы:Дауысты дыбыстар<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз?<br>Артикуляциялық жаттығу жасау. «Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы<br>Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екігебөлінеді. Айнаны қолымызға алып *а, о, ы, ұ, у.* дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Бұл дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңес тенеді екен.Дауысты дыбыс тарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық.<br>Ерніміз әртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңес теніп кейін жиырылады.<br>Айнаға қарап *алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз* сөздерін айтайық, бұл сөздер дауысты дыбыстардан басталып тұр.<br>Дыбысты айтқанда тілімізді қай жерде соған мән береміз. Дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата.<br>2. Суреттегілердің атындағы | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау<br>Тақырыбы:Дауысты дыбыстар<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Қандайдыбыстарды дауысты деп атаймыз?<br>Артикуляциялық жаттығу жасау.<br>«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше».<br>Суреттермен жұмыс<br>Тақтаға ер, үзеңгі, ірімшік, әткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі.<br>Балалар әр заттың атын атайды. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел.<br>Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел.<br>Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі.<br>Әткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі.<br>Өрмекші – жәндік.<br>Инелік – жәндік.<br>«Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы<br>–Балалар, сендер дауысты *е, і, ө, и, ә,* ұдыбыстарынан басталатын сөздердіойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады.<br>«Е дыбысы қайда | **Математика негіздері**<br>Міндеттері:Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіз діктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>Тақырыбы: 2 саны мен цифры.<br>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым сиқырлы паровозбен саяхат жасауды жалғастыру ға шақырады. Паровоз бен екі вагонды шығарып қояды.<br>Суретте қанша вагон бар? *(Бір)* Ойындық жаттығу.«Бір немесе екіден тұрған заттарды тап».Заттар жиынтығынан 1 немесе 2-ден тұрған заттарды табуды сұрайды. Сендерде неше қол, неше аяқ, неше көз, неше құлақ бар? Екі ол – «жұп»деген түсінікпен таныстырады.Екі қолғап, екі шұлық және т.б. Мына сөздерді дауыстап қайталай ды: «екі», «жұп».Бір затты қандай цифрмен белгілей міз? (1). Қос/екі затты? (2)<br>Тақтадан1 және 2 цифрын көрсетеді.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Суретте не бейнеленгенін ата. Бір-бірден тұрған заттарды боя. Суретте екі-екіден тұрған заттарды қоршап сыз.<br>2-тапсырма.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br>3-тапсырма.Заттарды сана. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен,адамдардың қарым-қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>Тақырыбы:Қорыққанға қос көрінеді.<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.Күн.<br>Алуан түсті,аңқыған иісті.<br>Қырларда олар жаңбырмен өсті.Гүл.<br>Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар – бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың.<br>Балалар, Күн сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>Бәріміз бірге «Күн» деп айтайықшы.Гүл сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>Г, к дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:Ерін ашылып, тілдің ұшы астың ғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстінгі жағы таңдайға тиеді.<br>Ерін жоғары көтеріліп, дыбыс тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда к дыбысы жасалады.Дауыс шымылдығының дірілінен г дыбысы естіледі. Бұл екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.Айна алып, г, к | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: берілген сөзге сөйлем құрау<br>Тақырыбы:Дауысты дыбыстарды бекіту<br>Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше»<br>«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді.*«Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы*<br>Балалар, сендер дауысты дыбыстарынан басталатын сөздердіойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Суреттерге қара. Ата.<br>Құрамында дауысты «а» дыбысыбар затты сары карындашпен, дауысты дыбысы«е» бар затты қызылқарындашпен қос.<br>Заттарды атайды, «а», «е» дауысты дыбыстары бар заттарды анықтайды.<br>Дауысты дыбыстан басталып, дауысты дыбыстан аяқталатын суреттерді қорша.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауысты дыбыстарды ата.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>*(графикалық жұмыс)*<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br>Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.<br>**Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Фонемалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтау,<br>Тақырыбы:Мектеп қызметкерлері.<br>Ғажайып сәт. Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Балалар,бірге амандаса -йықшы.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Қуыршақтар: Сендерге қазақ тілін үйренуге көмектесеміз, алдағы жұмыстарыңа табыс тілейміз.<br>Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады.<br>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».<br>*(Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттерменжұмыс).*<br>Мынау кім? Мынау – қыз.<br>Қыз қайда келді?<br>Қыз мектепке келді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қарап, мектеп туралы әңгімеле. Өзіңнің мектебің қандай?Мектепте саған не ұнайды?Мектепке баратын жолды тап. Қарындашпен сызып көрсет.<br>**Дидактикалық ойын: «Аудармашы».** | тығылды?» ойын-жаттығуы *алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор* сөздерін айту.<br>Балалар осы сөздерді айтқанда, е дыбысы естілгенде қолдарын шапалақтап, е дыбысы бар сөзді қайталап айтулары керек.Сызбамен жұмыс. «*Ер*»сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. «*Ер*»сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді.<br>«Дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы<br>Сүйікті тағамың қандай? *(Мысалы: ет, ірімшік т.б.)*<br>Достарыңның аты кім? *(Әмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт).*<br>Сүйікті ойыншығың не? *(Әткеншек, үкі т.б.)*<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Суреттегі заттардың атындағы дауысты дыбыстарды ата.<br>Дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Дауыс қарқы -нын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>Тақырыбы:Менің атам.<br>Е.Ө. Бес саусақ өлеңін оқу.<br>Бас бармағым-атам,үйдің данасы,<br>Балаң үйрек-әжем, | Көрсетілген түспен боя.<br>4-тапсырма.Суретке қара. Артық жануарды тауып, қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Диалогтік сөйлеуді дамыту,кейіп керлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.<br>Тақырыбы:Тату доспыз бәріміз<br>Достығымыз берік боп<br>Бекітейік беріп қол.<br>Қуанышты шеңберде,<br>Қандай жақсы қол берген.<br>Балалар, бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қолұстасып, бір-бірімізбен достықты қолдайтынымызды білдірейік. Дос болу, тату болу – адам бойындағы жақсы қасиет.Дос деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын,қуанышы мен бөлісіп, әрдайым жанынан табылатын адамды айтамыз. Достар мейірімді, тату болады. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі.Достар бір-бірін түсінеді, бірге ойнайды.Бүгін ақын Фариза Оңғарсынованың достық, татулық туралы «Тату доспыз бәріміз» өлеңімен танысамыз. Өлеңде достар туралы айтылған.Достар үнемі бірге жүреді. Тату достар ойыншық, кітаптарын таласпай бөліседі.<br>Ренжіспейді, тату-тәтті | деп айтып көріңдер.<br>Бұл екі дыбыс бір-біріне ұқсас, ағайынды дыбыстар.<br>Г, к дыбыстарынан бастала тын сөздерді айтыңдаршы.<br>Балалар г, к дыбыстарынан басталатын сөздер айтады.<br>Көк, кит, киім, киіз, гүл, гитара, гараж, галстук, гол, гимн, газ т.б.<br>Балалар, мына сөздерде г, к дыбыстары қай буында кездесіп тұр?<br>Балалар, «Қорыққанға қос көрінеді» атты орыс халқының ертегісін оқып берейін.<br>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда»<br>Шарты: ертегідегі кейіпкер лердің бірінші дыбысына сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі ә дыбысына – әтеш, әтір, Әсет, Әмина т.б.«Қоян» дегендегі қ дыбысына – қымыз, қалта, қияр, қара, қағаз т.б.<br>«Тауық» және «тышқан» сөздеріндегі т дыбысына сөз ойлайды.Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>Ертегі кейіпкерлерінің шелектерін тауып, сызып қос.Өзіңе ұнаған кейіпкер туралы әңгімелеп бер.<br>**Математика негіздері**<br>Міндеттері: теңдік туралы түсінікқалыптастыру,әртүр лі заттардан тұратын топтардың санын анықтау.<br>Тақырыбы:3 саны мен цифры<br>Ойындық жағдаят. Әлия және Сырым сиқырлы | қабылдағаны туралы айту,кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну<br>Тақырыбы:<br>Кішкентай бағбан<br>*«Сиқырлы қоржын» ойыны*.Қоржындаәртүрлі жемістер бар. Балалар, қоржында не бар деп ойлайсыңдар?<br>Балалар қоржыннан бір-бірлеп жемістерді алады да, атын атайды.<br>Осының бәрін бір ауыз сөзбен қалай атаймыз?<br>Жемістер қайда өседі?<br>Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентайбағбан» әңгімесімен танысамыз.<br>Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді.Әңгімені мәнерлеп оқу.Сөздік жұмысы: *қыбырлап* – ерінбей еңбек ету *бағбан* – бау-бақшаны күтіп-баптайтын адам.<br>*Сұрақ-жауап:*<br>Әңгімене туралы?Авторы кім?Садық бақта не істеді? Садықты кім ойнауға шақырды?Қалел досына не көрсетті? Садық неге бармады?Күз мезгілінде не өсті?Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты. «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз?<br>Садықтың еңбегін қалай бағалайсың?Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің?Әңгіме қалай аяқталды?*(Көп ойнай* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
